

***Бракераж комиссиясының тамақтану сапасын
мерзімдік бағалауды жүргізу ЕРЕЖЕСІ***

I. Жалпы ережелер

1.1. Бракераж комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың сапалы және қауіпсіз тамақтануын ұйымдастыру мен жүзеге асыруға әкімшілік-қоғамдық бақылау жүргізу мақсатында құрылған алқалы орган болып табылады.

1.2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады, оның ішінде:

- а) «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы (2-тарау, 13-тармақ, 5), 6), 7) тармақшалары);
- ә) «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №615 бұйрығы (7-тарау, 116-тармақ).

II. Комиссияны құру тәртібі және оның құрамы

2.1. Балабақшада тамақтану сапасын мерзімдік бағалауды бракераж комиссиясы жүзеге асырады.

2.2. Комиссия құрамына келесі тұлғалар енгізіледі:

- медициналық қызметкер (медбике);
- шаруашылық меңгерушісі (әкімшілік өкілі);
- өндіріс меңгерушісі;
- топ ата-аналарының өкілдері.

2.3. Комиссияның құрамы мектепке дейінгі ұйым басшысының бұйрығымен бекітіледі.

2.4. Комиссия мүшелерінің медициналық тексеруден өткенін растайтын жарамды медициналық рұқсатнамасы болуы міндетті.

III. Комиссияның қызметі

Комиссия төмендегі міндеттерді жүзеге асырады:

3.1. Балабақшада тамақтану сапасын мерзімдік бағалауды ұйымдастыру және жүргізу;

3.2. Тамақтанудың нақты рационының бекітілген перспективалық ас мәзіріне сәйкестігін бақылау;

3.3. Тез бұзылатын тағам өнімдерінің тоңазытқыш камералары мен тоңазытқыштарда белгіленген температуралық режимде сақталуын, сынапсыз термометрлердің қолданылуын бақылау;

3.4. Тамақтануды ұйымдастырудың, тамақтану режимінің сақталуын, тағамның рәсімделуін, ыдыстардың таңбалануын, тағам тарату нормаларының сақталуын, тарату-ас мәзірі парақтарының топтарда ілінуін қадағалау;

3.5. Тамақтандыру арасындағы интервалдардың сақталуын бақылау;

- 3.6. Тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатын қабылдау тәртібінің сақталуын, бракераж журналдарына деректердің уақтылы енгізілуін, өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттардың болуын тексеру;
- 3.7. Тағамдарды жасанды «С» витаминімен витаминдеудің жүргізілуін бақылау;
- 3.8. Ас блогында органолептикалық бағалау журналының жүргізілуін қадағалау;
- 3.9. Ас блогында дайын өнімнің тәуліктік сынамасының күн сайын қалдырылуын және олардың белгіленген мерзімде (24 сағат) сақталуын бақылау;
- 3.10. Ас блогы қызметкерлерінің жеке бас гигиенасы талаптарының сақталуын қадағалау, оның ішінде:
жұмыс басталар алдында сырт киімді шкафқа орналастырып, қолды сабынмен мұқият жууын;
таза арнайы киімде жұмыс істеуін, шаштың орамал немесе бас киім астына жиналуын;
жұмыс барысында әшекей бұйымдарды (сақина, алқа, сағат және т.б.) пайдаланбауын;
ұзын тырнақ өсірмеуін, тырнақты лакпен боямауын, арнайы киімді түйреуішпен бекітпеуін;
- 3.11. Ас блогы қызметкерлерінің жұмысқа рұқсаты бар жеке медициналық кітапшаларының болуын бақылау.

IV. Анықталған кемшіліктерді рәсімдеу тәртібі

- 4.1. Тамақтану сапасына қатысты кемшіліктер анықталған жағдайда, Комиссия мүшелері ескертулер енгізуге және кемшіліктер жойылғанға дейін дайын тағамды қабылдауды уақытша тоқтатуға құқылы.
- 4.2. Тамақтану сапасын мерзімдік бағалау циклограмма толтыру арқылы жүргізіліп, актімен рәсімделеді.

V. Құжаттама жүргізу тәртібі

- 5.1. Комиссия жоспарға сәйкес жүргізілген мерзімдік бағалауды тексеру циклограммасының актісімен рәсімдейді;
- 5.2. Комиссия тоқсан сайын атқарылған жұмыстар бойынша отырыс өткізеді;
- 5.3. Комиссия отырыстары белгіленген циклограммаға сәйкес рәсімделеді;
- 5.4. Тексеру актілеріне Комиссия мүшелері қол қояды;
- 5.5. Комиссия мүшелерінің қатысу мүмкіндігіне қарай жұмыс кестесі жасалып, қызмет жүйелендіріледі;
- 5.6. Комиссия қабылдаған шешімдер Қазақстан Республикасының заңнамасына және мектепке дейінгі ұйымның Жарғысына қайшы келмеуі тиіс.

VI. Қорытынды ережелер

- 6.1. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Комиссия отырысында енгізіліп, қабылданады.
- 6.2. Осы Ереженің қолданылу мерзімі шектелмейді.
- 6.3. Жаңа Ереже қабылданғанға дейін осы Ереже қолданыста болады.
- 6.4. Комиссия мүшелері өз қызметін ерікті негізде жүзеге асырады.
- 6.5. Балабақша әкімшілігі Комиссия анықтаған ескертулер мен бұзушылықтарды жою бойынша қажетті шараларды ұйымдастыруға міндетті.